Конкурстық құжаттамаға
16-қосымша

Сатып алынатың қызметтердің Техникалық ерекшелігі (тапсырыс беруші толтырады)

Тапсырыс берушінің атауы:	"Төрегелді Шарманов атындағы Ұлттық медицина университеті" коммерциялық емес акционерлік қоғамы
Ұйымдастырушының атауы:	"Төрегелді Шарманов атындағы Ұлттық медицина университеті" коммерциялық емес акционерлік қоғамы
Конкурстың №:	№ 17930563-1
Конкурстың атауы:	Киберқауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер
Лоттың нөмірі:	№ 88515813-ОК1
Лоттың атауы	Ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша қызметтер
Тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің бірыңғай номенклатуралық анықтамалығы кодының атауы:	801019.000.000010
Қызметтің атауы:	Ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша қызметтер
Өлшем бірлігі:	Бір қызмет
Саны (көлемі):	1
Қосылған құн салығын есептемегенде бірлік бағасы:	12000000
Қосылған құн салығын есепке алмағанда, сатып алуға бөлінген жалпы сома:	12000000
Авиациялық техниканы сатып алуды қоспағанда, тауар жаңа, пайдаланылмаған, шығарылған жылы шарт жасалған күнге дейін (үш жылға дейін) ерте болмауға тиіс:	
Қызмет көрсету мерзімі	техникалық сипаттамаға сәйкес
Аванстық төлем мөлшері:	0
Кепілдік мерзімі (айлармен)	12

Талап етілетін сипаттамалардың, параметрлердің және өзге де бастапқы деректердің сипаттамасы	1. Сатып алынатын тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің функционалдық, техникалық, сапалық және пайдалану сипаттамаларының сипаттамасы Осы Техникалық ерекшелік (бұдан әрі – ТЕ) киберқауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі қызметтерді көрсетуге (бұдан әрі – Қызмет) қойылатын негізгі міндеттер мен талаптардың сипаттамасын қамтиды. Қызмет Тапсырыс берушінің ақпараттық жүйелерін киберқауіпсіздік саласындағы белгіленген талаптарға сәйкестігіне сынақтан өткізуді, сондай-ақ ақпараттық қауіпсіздік оқиғаларына үздіксіз мониторинг жүргізуді, киберқауіпсіздік оқиғаларын уақтылы анықтауды, талдауды және сүйемелдеуді, осалдықтарды анықтауды, Тапсырыс берушінің ақпараттық жүйелері мен ақпараттық инфрақұрылымының қорғалу деңгейін арттыру жөнінде ұсынымдар беруді қамтиды. 2. Қызметке қойылатын талаптар Қызмет төменде көрсетілген талаптарға сәйкес көрсетілуі тиіс. 2.1. Функционалдық талаптар Қызмет Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 2019 жылғы 3 маусымдағы № 111/НҚ «Цифрлық үкіметтің цифрлық объектілері мен аса маңызды цифрлық объектілерді киберқауіпсіздік талаптарына сәйкестігіне сынақтан өткізу әдістемесі мен қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына, сондай-ақ киберқауіпсіздік саласындағы Қазақстан Республикасының өзге де қолданыстағы нормативтік құқықтық актілері мен мемлекеттік стандарттарына сәйкес көрсетілуі тиіс. Тапсырыс берушінің жүйелерін талаптарға сәйкестігіне сынақтан өткізу жөніндегі киберқауіпсіздікті қамтамасыз ету қызметіне мыналар кіреді: 1) Бастапқы кодтарды талдау: • бағдарламалық қамтылымдағы кемшіліктерді анықтау; • бастапқы кодты талдау нәтижелерін тіркеу; • бастапқы кодтарды талдау нәтижелері бойынша хаттама ұсыну. 2) Киберқауіпсіздік функцияларын сынақтан өткізу: • қауіпсіздік функцияларының техникалық құжаттама талаптарына, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілеріне және Қазақстан Республикасының аумағында қолданыстағы ақпараттық қауіпсіздік саласындағы стандарттарға сәйкестігін бағалау, оның ішінде қажет болған жағдайда бағдарламалық құралдарды қолдану; • сынақ нәтижелерін бақылау нәтижелерін, сәйкестікті немесе сәйкессіздікті бағалауды және анықталған сәйкессіздіктерді түзету жөніндегі ұсынымдарды (қажет болған жағдайда) көрсете отырып, есепте тіркеу; • киберқауіпсіздік функцияларын сынақтан өткізу нәтижелері бойынша хаттама ұсыну. 3) Жүктемелік сынақтан өткізу: • мамандандырылған бағдарламалық құралда сынақ конфигурациясы мен сценарийін баптау; • мамандандырылған бағдарламалық құралды іске қосу; • сынақ объектісіне түсетін жүктемені тіркеу; • сынақ объектісінің нақты өткізу қабілетін арттыру немесе төмендету жөніндегі ұсынымдарды көрсете отырып, жүктемелік сынақ есебін қалыптастыру және ұсыну; • жүктемелік сынақ нәтижелері бойынша хаттама ұсыну. 4) Желілік инфрақұрылымды тексеру: • желілік инфрақұрылымды қорғау функцияларының техникалық құжаттама талаптарына, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілеріне және киберқауіпсіздік саласындағы Қазақстан

	Республикасының аумағында қолданыстағы стандарттарға сәйкестігін бағалау; • Тапсырыс берушінің желілік инфрақұрылымын, оның ішінде қажет болған жағдайда бағдарламалық құралдарды қолдана отырып, тексеру; • жалпы осалдықтар мен тәуекелдер базасындағы бағдарламалық қамтылымның белгілі осалдықтарын анықтау мақсатында бағдарламалық құрал арқылы сканерлеу жүргізу; • алынған сынақ нәтижелерін бақылау нәтижелерін, сәйкестікті немесе сәйкессіздікті бағалауды және анықталған сәйкессіздіктерді түзету жөніндегі ұсынымдарды (қажет болған жағдайда) көрсете отырып, есепте тіркеу; • желілік инфрақұрылымды тексеру нәтижелері бойынша хаттама ұсыну. 5) Киберқауіпсіздікті қамтамасыз ету процестерін тексеру: • киберқауіпсіздікті қамтамасыз ету процестерінің киберқауіпсіздік саласындағы нормативтік құқықтық актілер мен стандарттар талаптарына сәйкестігін бағалау; • сынақ нәтижелерін бақылау нәтижелерін, сәйкестікті немесе сәйкессіздікті бағалауды және анықталған сәйкессіздіктерді түзету жөніндегі ұсынымдарды (қажет болған жағдайда) көрсете отырып, тіркеу; • серверлерді, виртуалды ресурстарды және желілік жабдықты бағдарламалық құралдар арқылы белгілі осалдықтардың бар-жоғына сканерлеу; • анықталған осалдықтарды жалған іске қосылу белгілерінің бар-жоғына талдау және олардың сындық деңгейіне қарай жою жөнінде ұсынымдар қалыптастыру (қажет болған жағдайда); • ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету процестерін тексеру нәтижелері бойынша хаттама ұсыну. Киберқауіпсіздікті қамтамасыз ету процестерін тексеру Цифрлық үкіметтің цифрлық объектілері мен аса маңызды цифрлық объектілерді киберқауіпсіздік талаптарына сәйкестігіне сынақтан өткізу қағидаларының 31-тармағына сәйкес жүргізіледі. 2.2. Қызмет көрсету шеңберіндегі талаптар Қызмет көрсету шеңберінде Өнім беруші ақпараттық қауіпсіздік оқиғаларын орталықтандырылған түрде жинауды, өңдеуді, сақтауды және талдауды, Тапсырыс берушінің ақпараттық инфрақұрылымына тәулік бойы мониторинг жүргізуді, киберқауіпсіздік оқиғаларын анықтауды, Тапсырыс берушіні хабардар етуді және анықталған оқиғаларға ден қою мен оларды жою жөнінде ұсынымдар беруді қамтамасыз етуі тиіс, атап айтқанда: • Тапсырыс берушінің ақпараттандыру объектілеріне талдау жүргізіп, киберқауіпсіздік оқиғаларын басқару жүйесіне жіберу үшін қажетті тіркеу журналдарының тізбесін айқындау; • Жүйе агенттерін Тапсырыс берушінің ақпараттандыру объектілерінің тіркеу журналдарын жинаудың бірыңғай жүйесіне, сондай-ақ қажет болған жағдайда Тапсырыс берушінің ақпараттандыру объектісінің өзге де ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылым объектілеріне орнату; • Тапсырыс берушінің ақпараттандыру объектілерінен тіркеу журналдарын Жүйеге жинау, оларды өңдеу және киберқауіпсіздік оқиғалары мен инциденттерін анықтау мақсатында талдау; • мониторинг аймағында орын алған киберқауіпсіздік инциденттерін анықтау; • Тапсырыс берушіге киберқауіпсіздік инциденттерін жою және олардың алдын алу жөнінде ұсынымдар беру; • корреляция қағидаларын әзірлеу; • «Лог-файлдарды», жүйелік журналдарды жинауға

	арналған серверлік жабдықты және SIEM жүйесінің компоненттерін Тапсырыс беруші ұсынады; • киберқауіпсіздік саясатының талаптарын, басқару шараларын, киберқауіпсіздікті қамтамасыз ету процестері мен рәсімдерін қолдану; • Тапсырыс берушінің ақпараттандыру объектілерін осалдықтардың бар-жоғына лицензияланатын бағдарламалық қамтылымды қолдана отырып, audit және pentest режимдерінде, Тапсырыс берушімен келісілген жұмыстар кестесіне сәйкес аспаптық тексеру (бұдан әрі – осалдықтарға тексеру) жүргізу; • киберқауіпсіздік осалдықтарына жүргізілген тексеру нәтижелерін және Тапсырыс берушінің киберқауіпсіздік осалдықтарын жою жөніндегі ұсынымдарды ұсыну; • кезекші қызмет арқылы 24/7 режимінде мониторинг жүргізу; • Тапсырыс берушінің киберқауіпсіздікке жауапты қызметкерлеріне тұрақты түрде консультациялық қолдау көрсету; • Тапсырыс берушінің өтініштерін тәулік бойы қабылдауды және тіркеуді қамтамасыз ету; • дереккөздерден қауіпсіздік оқиғаларын қалыптастыруды № 52/НҚ «Цифрлық үкіметтің цифрлық объектілері мен аса маңызды цифрлық объектілердің киберқауіпсіздігін қамтамасыз ету мониторингін жүргізу қағидаларында» айқындалған форматтар мен жазба түрлеріне сәйкес баптау және оларды оқиғаларды жинау коллекторына жіберу; • корреляция қағидаларына сәйкес оқиғаларды нақты уақыт режимінде талдау; • Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарға сәйкес, Өнім беруші өз бетінше анықтаған киберқауіпсіздік инциденті туралы анықталған сәттен бастап 15 минут ішінде Киберқауіпсіздікті үйлестіру ұлттық орталығына (бұдан әрі – КҮҰО) хабарлау. Өнім беруші пайдаланылатын бағдарламалық қамтылымға қолданыстағы лицензиялардың, жазылымдардың және техникалық қолдаудың болуын қамтамасыз етуі тиіс. КЖО-ға (ЦОК) қосылуға жататын ақпараттық жүйелердің, серверлердің, желілік жабдықтың және оқиғалардың өзге де дереккөздерінің тізбесі Орындаушы мен Тапсырыс беруші арасында бірлесіп айқындалады және келісілген оқиғалар дереккөздерінің тізбесінде тіркеледі. Қосымша оқиғалар дереккөздерін қосу Тапсырыс берушінің өтінімі негізінде және Тараптардың өзара іс-қимыл регламентінде белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады. Өнім беруші өз жауапкершілік аймағы шегінде өзі ұсынатын КЖО (ЦОК) компоненттерінің, бағдарламалық қамтылымның, агенттер мен коллекторлардың жұмысқа қабілеттілігін қамтамасыз етуге міндетті. 2.3. Талдамалық және дайындық жұмыстары • киберқауіпсіздік оқиғаларын басқару жүйесіне жіберу үшін қажетті тіркеу журналдарының тізбесін айқындау мақсатында Тапсырыс берушінің ақпараттандыру объектілеріне талдау жүргізу; • лицензияланған SIEM жүйесінің агенттерін Тапсырыс берушінің ақпараттандыру объектілеріне баптау және орнату; • № 52/НҚ «Цифрлық үкіметтің цифрлық объектілері мен аса маңызды цифрлық объектілердің киберқауіпсіздігін қамтамасыз ету мониторингін жүргізу қағидаларында» айқындалған форматтар мен жазба түрлеріне сәйкес логтарды қалыптастыру үшін оқиғалар дереккөздерін баптау. 2.4. Оқиғаларды жинау, сақтау, өңдеу және талдау • SIEM жүйесінде тіркеу журналдарын жинауды,

	қабылдауды, дұрыс тіркеуді және сақтауды қамтамасыз ету. Жиналатын киберқауіпсіздік оқиғаларының сақталуы төмендегі көлемдер мен мерзімдерде қамтамасыз етілуі тиіс: • кемінде 62 күнтізбелік күн – іздеу, қарау және оқиғаларды талдау мүмкіндігін қамтамасыз ете отырып, Өнім беруші тарапындағы жедел сақтау қоймасында; • кемінде 3 (үш) жыл – Тапсырыс беруші тарапындағы архивтік сақтау қоймасында. Өнім беруші архивтік деректерді кейіннен оқу, іздеу және талдау мүмкіндігін қамтамасыз ететін келісілген форматта Тапсырыс берушіге беруді қамтамасыз етуге міндетті. Деректерді беру тәртібі, форматы, архивтеу кезеңділігі, сақтау қоймасының көлеміне қойылатын талаптар және Тараптардың жауапкершілігі Өзара іс-қимыл регламентімен айқындалады. Қызмет көрсету мерзімі аяқталғаннан кейін Өнім беруші қызмет көрсету кезеңіне жататын архивтік деректерді Тапсырыс берушіге беруге және оларды одан әрі пайдалану мүмкіндігін қамтамасыз етуге міндетті. 2.5. Мониторинг және ден қою • кезекші қызмет арқылы тәулік бойы (24/7 режимінде) мониторинг жүргізу; • мониторинг аймағында киберқауіпсіздік оқиғалары мен инциденттерін анықтау және Тапсырыс берушінің жауапты қызметкерлеріне уақтылы хабарлау; • Өнім беруші өз бетінше анықтаған инцидент туралы анықталған сәттен бастап 15 минуттан кешіктірмей КҮҰО-ға хабарлау; • анықталған киберқауіпсіздік инциденттерін жою және олардың қайталануына жол бермеу жөнінде ұсынымдар беру. 2.6. Қолдау және консультациялық қызметтер • Тапсырыс берушінің киберқауіпсіздік бөлімі қызметкерлеріне тұрақты түрде консультациялық қолдау көрсету; • Тапсырыс берушінің өтініштерін тәулік бойы қабылдау және тіркеу; • артықшылықты есептік жазбалармен орындалатын әрекеттерді верификациялау және киберқауіпсіздік оқиғаларын автоматтандырылған түрде тексеру; • жалған оң нәтижелер беретін оқиғаларды азайту бойынша бірлескен жұмыс жүргізу; • компьютерлік криминалистика және инциденттерді тергеп-тексеру саласында консультациялар беру. 2.7. Қосу және пайдалану • шарт жасалған және толтырылған техникалық сауалнама парағы ұсынылған күннен бастап 10 жұмыс күні ішінде Тапсырыс берушінің ресурстарын КЖО (ЦОК) инфрақұрылымына қосуды қамтамасыз ету; • Тапсырыс берушінің өтінімдері негізінде және Техникалық сауалнама парағына сәйкес оқиғалар дереккөздерін қосу; • Тапсырыс беруші мен Өнім берушінің алаңдары арасындағы деректерді беру арнасының жұмысқа қабілеттілігін Тапсырыс берушімен бірлесіп қамтамасыз ету. 2.8. Қосымша талаптар • Өнім беруші қызмет көрсету кезеңінің барлық мерзімінде пайдаланылатын барлық бағдарламалық қамтылым мен жабдыққа қолданыстағы лицензиялардың, жазылымдардың және техникалық қолдаудың болуын қамтамасыз етуге міндетті. 2.9. Қызметтердің сипаттамасы және есептілікке қойылатын талаптар Өнім беруші қызметтерді Тапсырыс берушінің қажетті техникалық сипаттамалары көрсетілген сұрауы негізінде ұсынады. • Алаңдар саны және орналасқан мекенжайы: 1 алаң, Астана қаласы, Бейбітшілік көшесі, 49А. • Платформаның төмендегі параметрлерге сәйкес жұмысқа қабілеттілігін

	қамтамасыз ету: • платформаны қызмет көрсету кезеңі – 2026 жылғы 31 желтоқсанға дейін; • тәулік бойы 24/7 режимінде жедел мониторинг жүргізу; • айына технологиялық терезелер саны – 1-ден аспауы тиіс; • тоқтап қалу туралы хабарлау – кемінде 60 минут бұрын; • технологиялық терезенің ең ұзақ ұзақтығы – айына 6 сағаттан аспауы тиіс; • Тапсырыс берушінің ақпараттық жүйелерінің қолжетімділігіне немесе жұмысына әсер етуі мүмкін жоспарланған технологиялық терезе туралы Тапсырыс берушіге жұмыстар басталатын болжамды күн мен уақыттан кемінде 3 (үш) жұмыс күні бұрын хабарлау. Көрсетілетін қызметтердің техникалық және әкімшілік параметрлері: • келіп түсетін киберқауіпсіздік оқиғалары мен желілік пакеттерді өңдеу және талдау; • инфрақұрылымның негізгі компоненттерінен логтарды автоматтандырылған түрде жинау және талдау – жүктеме көлемі кемінде 1 ГБ. Өнім беруші есепті айдан кейінгі айдың 10-күнінен кешіктірмей шарттың орындалуы туралы мәтіндік, кестелік және графикалық (диаграммалар, графиктер) ақпаратты қамтитын ай сайынғы талдамалық есепті ұсынуы тиіс. Есепте мыналар көрсетілуі қажет: • есепті кезеңдегі сұраулар мен инциденттер бойынша статистикалық деректер; • мониторинг аймағындағы киберқауіпсіздік жағдайын талдау; • проблемалық мәселелердің тізбесі және оларды шешу, сондай-ақ киберқауіпсіздік инфрақұрылымының жұмысын жақсарту жөніндегі ұсынымдар (бар болған жағдайда). Киберқауіпсіздік инцидентіне ден қоюдың басталу уақыты оны анықтаған және уәкілетті қызметкерлерге хабарлаған сәттен бастап төмендегі қағидат бойынша айқындалады. Киберқауіпсіздік инциденттерінің сындық деңгейлері 1. Сындарлы – 5-деңгей (қара түс) Электрондық ақпараттық ресурстарға, ақпараттық жүйелерге, телекоммуникация желілеріне және ақпараттандырудың өзге де объектілеріне елеулі теріс салдарлар келтіріп, қызметтерді ұсыну мүмкіндігінің болмауына әкеп соғатын сөзсіз орын алатын инциденттер. Ден қою мерзімі: анықталған сәттен бастап 15 минуттан аспауы тиіс. 2. Ауыр – 4-деңгей (қызыл түс) Электрондық ақпараттық ресурстарға, ақпараттық жүйелерге, телекоммуникация желілеріне және ақпараттандырудың өзге де объектілеріне елеулі теріс салдарлар келтіріп, қызметтерді ұсыну мүмкіндігінің болмауына әкеп соғуы ықтимал инциденттер. Ден қою мерзімі: анықталған сәттен бастап 30 минуттан аспауы тиіс. 3. Жоғары – 3-деңгей (қызғылт сары түс) Қызметтерді ұсынудың едәуір шектелуіне, жағдайдың айтарлықтай нашарлауына немесе электрондық ақпараттық ресурстарға, ақпараттық жүйелерге, телекоммуникация желілеріне және ақпараттандырудың өзге де объектілеріне елеулі теріс салдарлардың туындауына әкеп соғуы ықтимал инциденттер. Ден қою мерзімі: анықталған сәттен бастап 30 минуттан аспауы тиіс. 4. Орташа – 2-деңгей (сары түс) Қызметтерді ұсынудың шектелуіне, жағдайдың нашарлауына немесе электрондық ақпараттық ресурстарға, ақпараттық жүйелерге, телекоммуникация желілеріне және ақпараттандырудың өзге де объектілеріне елеусіз теріс салдарлардың туындауына әкеп соғуы ықтимал инциденттер. Ден қою мерзімі: анықталған

	сәттен бастап 1 сағаттан аспауы тиіс. 5. Төмен – 1-деңгей (жасыл түс) Қызметтерді ұсынудың шектелуіне, жағдайдың нашарлауына немесе электрондық ақпараттық ресурстарға, ақпараттық жүйелерге, телекоммуникация желілеріне және ақпараттандырудың өзге де объектілеріне елеусіз теріс салдарлардың туындауына әкеп соғуы мүмкін ықтималдығы төмен инциденттер. Ден қою мерзімі: анықталған сәттен бастап 2 сағаттан аспауы тиіс. 6. Маңыздылығы жоқ – 0-деңгей (ақ түс) Электрондық ақпараттық ресурстарға, ақпараттық жүйелерге, телекоммуникация желілеріне және ақпараттандырудың өзге де объектілеріне әсер етпейтін елеусіз инциденттер. Ден қою мерзімі: анықталған сәттен бастап 2 сағаттан аспауы тиіс. 2.10. Оқиғалар мониторингі қызметін көрсету кезеңіндегі жауапкершілік аймақтарын бөлу Өнім беруші шартқа қол қойылғаннан кейін 15 жұмыс күні ішінде Тапсырыс берушімен бірлесіп Өзара іс-қимыл регламентін әзірлейді және келіседі. Қызмет көрсету кезеңіндегі жауапкершілік аймақтарын бөлу Өнім берушінің жауапкершілігі: 1. Мониторинг аймағына кіретін Тапсырыс беруші инфрақұрылымының элементтеріне қатысты тіркелген инциденттер бойынша ден қою жөнінде ұсынымдар беруді қоса алғанда, киберқауіпсіздік оқиғаларына мониторинг және талдау жүргізу. 2. Тапсырыс беруші мен Өнім берушінің алаңдарында орнатылған киберқауіпсіздік оқиғаларын басқару ішкі жүйесінің компоненттерінің жай-күйіне мониторинг жүргізу. 3. Киберқауіпсіздік оқиғаларын басқару ішкі жүйесінің дұрыс жұмыс істеуін қамтамасыз ету. 4. Логтарды жіберу үшін дереккөздерге агенттерді орнату. 5. Дереккөздерден желілік ағындарды коллекторларға бағыттау. 6. КЖО (ЦОК) ұсынған ұсынымдарға сәйкес киберқауіпсіздік инциденттеріне ден қоюды, инциденттерді оқшаулауды, олардың салдарын жоюды және штаттық жұмыс режимін қалпына келтіруді қамтамасыз ету. 7. Тапсырыс беруші мен Өнім берушінің алаңдары арасындағы ақпаратты берудің қорғалған арналарының жұмысқа қабілеттілігін қамтамасыз ету. 8. Тапсырыс беруші мен КЖО (ЦОК) алаңдары арасындағы ақпаратты берудің қорғалған арналарының жұмысқа қабілеттілігін қамтамасыз ету. Киберқауіпсіздік оқиғаларына мониторинг және талдау жүргізу кезінде Тапсырыс беруші мен Өнім беруші арасындағы міндеттерді бөлу. Тапсырыс берушінің жауапкершілігі: 1. Киберқауіпсіздік оқиғаларын басқару ішкі жүйесінің дұрыс жұмыс істеуін қамтамасыз ету. 2. Логтарды жіберу үшін дереккөздерге агенттерді орнату. 3. Дереккөздерден желілік ағындарды коллекторларға бағыттау. 4. КЖО (ЦОК) ұсынған ұсынымдарға сәйкес киберқауіпсіздік инциденттеріне ден қоюды, инциденттерді оқшаулауды, олардың салдарын жоюды және штаттық жұмыс режимін қалпына келтіруді қамтамасыз ету. 5. Тапсырыс беруші мен Өнім берушінің алаңдары арасындағы ақпаратты берудің қорғалған арналарының жұмысқа қабілеттілігін қамтамасыз ету. 6. КЖО (ЦОК) ұсынымдарын орындау және киберқауіпсіздік инциденттеріне уақтылы ден қою. 7. Жабдықтар мен ақпараттық жүйелердің өзекті тізбесін ұсыну. 8. Мониторинг аймағына кіретін серверлік, коммуникациялық және компьютерлік жабдықтардың,

	сондай-ақ ақпараттық жүйелердің өзекті тізбесін ұсыну. 9. Тапсырыс беруші мен КЖО (ЦОК) алаңдары арасындағы ақпаратты берудің қорғалған арналарының жұмысқа қабілеттілігін қамтамасыз ету. 2.11. Оқиғалар мониторингіне арналған бағдарламалық қамтылымға қойылатын функционалдық талаптар • Жүйе қосымша нодтарды қосу мүмкіндігімен деректердің үлкен көлемін өңдеу үшін көлденең масштабтауды қолдауы тиіс. • Жүйе нодтар арасында деректерді репликациялауды қамтамасыз ететін кластерлік архитектураны және бір немесе бірнеше нод істен шыққан жағдайда автоматты қалпына келтіру мүмкіндігін қолдауы тиіс. • Жүйеде деректер көлемін тиімді басқару үшін деректерді уақыт белгілері бойынша бөлу мүмкіндігі болуы тиіс. Сондай-ақ жылдам іздеуді қамтамасыз ететін индекстеу функциясы бар үлкен көлемдегі логтарды сақтауды қолдауы тиіс. • Жүйе өнімділікті қамтамасыз ету және сұрауларды біркелкі бөлу үшін жүктемені теңгергіштерді пайдалана отырып, нодтар арасында жүктемені бөлу мүмкіндігіне ие болуы тиіс. • Жүйеде кластер нодтарының жұмысын тұрақты бақылау, сондай-ақ өнімділікті қадағалау және істен шығулар немесе шамадан тыс жүктемелер туралы уақтылы хабарлау функциясы болуы тиіс. • Жүйе өнімділік, ресурстардың жүктелуі, нодтар мен индекстердің жай-күйі туралы деректерді ұсынатын барлық компоненттердің жай-күйіне мониторинг жүргізуді қамтамасыз етуі тиіс. • Жүйе CPU, RAM, дискілік кеңістікті пайдалану, оқу/жазу операцияларының өнімділігі, индекстеу және сұрауларды орындау кезіндегі кідірістер сияқты метрикаларды бақылауға мүмкіндік беруі тиіс. • Кластердің қандай да бір компоненттері шамадан тыс жүктелген, істен шыққан немесе өнімділікте ауытқулар байқалған жағдайда ескертулер мен хабарландыруларды баптау мүмкіндігі болуы тиіс. • Жүйе масштабтауды және инфрақұрылымды басқаруды жеңілдету үшін конвейерлік шешімдерді қолдауы тиіс. • Жүйе бір нод істен шыққан жағдайда кластердің істен шығуын болдырмау үшін бірнеше мастер-нодты пайдалануы тиіс. • Жүйе жоғары қолжетімділікті және істен шығуға төзімділікті қамтамасыз ету үшін бірнеше физикалық немесе виртуалды серверге орналастырылатын көпнодты архитектураны қолдауы тиіс. • Жүйе істен шығуға төзімділікті және географиялық тұрғыдан бөлінген орталарды қамтамасыз ету үшін индекстерді бірнеше кластер арасында репликациялау мүмкіндігіне ие болуы тиіс. • Жүйе өнімділік пен деректердің қолжетімділігін арттыру мақсатында деректерді бір кластерден екіншісіне оқу және репликациялау мүмкіндіктерін қамтамасыз етуі тиіс, бұл деректердің қолжетімділігін арттыру үшін әртүрлі өңірлерде бірнеше кластерді орналастыруға мүмкіндік береді. • Жүйе сұрауларды орындау жылдамдығын арттыру және нодтарға түсетін жүктемені азайту үшін кэштеуді қолдауы тиіс. • Жүйе деректердің жылыстауынан қорғау үшін тыныштық күйіндегі және нодтар арасында беру кезіндегі деректерді шифрлауды пайдалануы тиіс. • Жүйе авариялық жағдайлар кезінде қалпына келтіру үшін деректердің тұрақты резервтік көшірмесін жасауды қамтамасыз етуі тиіс. • Жүйеде ең аз тоқтап қалу уақытымен

	резервтік көшірмеден деректерді қалпына келтіру мүмкіндігі болуы тиіс. • Жүйе талдау үшін тек өзекті логтарды сақтай отырып, уақыт немесе деректер көлемі негізінде ескі логтарды жоюды басқаруға арналған деректерді сақтау саясатын қамтамасыз етуі тиіс. • Жүйе жедел жұмыс үшін бұдан әрі қажет емес, бірақ ретроспективті талдау немесе аудит үшін қажет болуы мүмкін деректерді архивтеу мүмкіндігіне ие болуы тиіс. • Жүйе индекстердің өмірлік циклін деректердің жасына және көлеміне, олардың сақтау мерзіміне немесе өзектілігіне байланысты автоматты түрде басқаруға мүмкіндік беруі тиіс. • Жүйе деректерді сақтау мерзіміне немесе оларға қол жеткізу жиілігіне байланысты өнімділігі төмен немесе арзанырақ ресурстарға көшіру функциясын пайдалануға мүмкіндік беруі тиіс. • Жүйе пайдаланушылардан сұрауларды қабылдайтын, оларды нодтар арасында бөлетін және нәтижелерді жинақтайтын үйлестіруші нодтарды қамтамасыз етуі тиіс. • Жүйе кіріс деректерді индекстеуге дейін өңдейтін, сүзгілер мен түрлендірулерді (нормализацияны) қолданатын нодты қамтамасыз етуі тиіс. • Жүйе деректердің сақталу ұзақтығына немесе оларға қол жеткізу жиілігіне байланысты сақтау деңгейлері арасында деректерді автоматты түрде көшіру мүмкіндігіне ие болуы тиіс. • Жүйеде сұрауларды жылдам басқаруға және түзетуге мүмкіндік беретін кіріктірілген сұрауларды орындау интерфейсі болуы тиіс. • Жүйеде күрделі сұрауларды тестілеуге, сұраулардың өнімділігін талдауға, деректер мен олардың құрылымын тексеруге арналған кіріктірілген интерфейс болуы тиіс. • Жүйеде кластерді басқару командаларын орындауға арналған кіріктірілген интерфейс болуы тиіс. • Жүйе әртүрлі дереккөздерден алынған деректерді корреляциялау арқылы қауіп-қатерлерді анықтауға арналған қағидаларды әзірлеу мүмкіндігін қамтамасыз етуі тиіс. • Жүйе қауіп-қатерлерге жедел ден қою үшін деректерді нақты уақыт режимінде өңдеуі және талдауы тиіс. • Жүйе сүзгілер мен күрделі логикалық шарттарды пайдалана отырып, қауіп-қатерлерді анықтаудың әртүрлі сценарийлеріне арналған қағидаларды баптауға мүмкіндік беруі тиіс. • Жүйе инциденттерді сындық деңгейі бойынша жіктеуге және тиісті ескертулерді (хабарландыруларды) іске қосуға мүмкіндік беруі тиіс. • Жүйе инциденттерді тіркеу және оларға ден қоюды автоматтандыру платформасымен интеграциялануы тиіс. • Жүйе Syslog, JSON, XML, CSV және басқа да форматтарды пайдалана отырып, әртүрлі дереккөздермен (серверлер, желілік құрылғылар, дерекқорлар және т.б.) интеграцияны қолдауы тиіс. • Жүйе инциденттерді басқаруға, талдауға және есептілікке арналған басқа платформалармен интеграциялау үшін API ұсынуы тиіс. • Жүйе деректерді толықтыру мақсатында қауіп-қатерлер туралы ақпараттың сыртқы көздерімен (IOC дерекқорлары) интеграцияны қамтамасыз етуі тиіс. • Жүйе соңғы нүктелерден логтарды жинауға және оларды лог-коллекторға немесе тікелей өңдеу үшін Жүйеге жіберуге арналған агенттерді қамтамасыз етуі тиіс. • Жүйе деректердің белгілі бір түрлерін жинауға, қажетсіз деректерді сүзуге және трафик көлемін барынша азайтуға арналған оңай

	бапталатын агенттерді қамтамасыз етуі тиіс. • Жүйе берілетін деректер көлемін азайту үшін деректерді сығуды, сондай-ақ логтарды желі арқылы SIEM жүйесіне жіберу кезінде оларды қорғау үшін шифрлауды қамтамасыз ететін лог-коллектор компонентін қолдауы тиіс. • Жүйе агенттер мен коллекторлардың орнатылған жүйеге түсетін жүктемесі барынша аз болатындай оңтайландырылуын қамтамасыз етуі тиіс. • Жүйе әртүрлі дереккөздерден алынған оқиғалар арасында күрделі корреляция шарттарын құру үшін AND, OR, NOT логикалық операторларын пайдалануды қамтамасыз етуі тиіс. • Жүйе жалған іске қосылулар санын азайту және шабуылдарды дәлірек анықтау мақсатында ұқсас немесе өзара байланысты оқиғаларды бір инцидентке біріктіруді қамтамасыз етуі тиіс. • Жүйе қауіп-қатерлердің нақты сценарийлері мен ұйымның талаптарына бейімделетін, оңай бапталатын қағидаларды қосу мүмкіндігін қамтамасыз етуі тиіс. • Жүйе қауіп-қатерлерге ден қою уақытын қысқарту үшін деректердің келіп түсуі мен қағидалардың іске қосылуы арасындағы ең аз кідірісті қамтамасыз етуі тиіс. • Жүйе анықталған инциденттерді оқиғаның түрі мен мәнмәтініне байланысты сындық деңгейлері бойынша (төмен, орташа, жоғары) жіктеу мүмкіндігін қамтамасыз етуі тиіс. • Жүйе заңды әрекеттерге байланысты жалған іске қосылулар санын азайту үшін ерекшеліктер мен сүзгілерді қосу мүмкіндігін қамтамасыз етуі тиіс. • Жүйе анықталған инциденттер туралы қауіпсіздік командаларын жедел хабардар ету үшін хабарландыруларды (электрондық пошта, мессенджерлермен немесе басқа жүйелермен интеграциялау) баптау мүмкіндігін қамтамасыз етуі тиіс. • Жүйе жылдам талдау жүргізу үшін инциденттің сипаты туралы толық ақпаратты, оның ішінде метадеректерді (уақыты, дереккөзі, оқиға түрі, қауіп деңгейі) қамтуы тиіс. • Жүйеде жедел ден қою және қауіпсіздіктің негізгі саясаттарын баптау үшін дайын қағидалар үлгілерін пайдалану мүмкіндігі болуы тиіс. • Жүйе корреляция дәлдігін арттыру және шабуылдардың жаңа түрлерін анықтау үшін тарихи деректер негізінде қағидаларды тұрақты түрде қайта қарау және баптау мүмкіндігін қолдауы тиіс. • Жүйе агенттерді орнатпай-ақ дереккөздерден логтарды тікелей берудің әртүрлі хаттамаларын қолдауы тиіс. • Жүйе деректерді одан әрі өңдеу, корреляциялау және талдау үшін әртүрлі дереккөздерден орталықтандырылған сақтау қоймасына жинауды қамтамасыз ететін лог-коллектор компонентін қолдауы тиіс. • Жүйе тұрақты өрнектер (regular expressions) негізінде сүзу қағидаларын құру мүмкіндігіне ие болуы тиіс. • Жүйе логтардағы белгілі бір оқиғаларға, мысалы шекті мәндердің асып кетуіне байланысты хабарландырулар немесе дабыл сигналдарын қалыптастыру қағидаларын қолдауы тиіс. • Жүйе деректерді әртүрлі мақсаттарға логикалық бағыттау қағидаларын қолдауы тиіс (мысалы, желілік логтарды бір сақтау қоймасына, ал қосымшалардың логтарын басқа сақтау қоймасына жіберу). • Жүйе көлденең масштабтауды қамтамасыз ету үшін логикалық бөлімдерді бөлуді қолдауы тиіс. Логикалық бөлімдер автоматты түрде фрагменттерге бөлініп, олар кластердің әртүрлі нодтарына орналастырылуы

	тиіс. • Әрбір логикалық бөлімге негізгі (primary) фрагменттердің оңтайлы саны тағайындалуы тиіс, бұл жүйенің үлкен көлемдегі деректермен жұмыс істеу өнімділігін арттыру үшін жүктемені бірнеше серверге бөлуге мүмкіндік береді. • Жүйе жоғары қолжетімділік пен істен шығуға төзімділікті қамтамасыз ету үшін фрагменттерді репликациялауды қолдауы тиіс. Логикалық бөлімдердің әрбір негізгі фрагменті үшін негізгі нод істен шыққан жағдайда автоматты түрде іске қосыла алатын репликалар құрылуы тиіс. • Қажет болған жағдайда жүйе деректерді жоғалтпай және жұмыстағы іркілістерді барынша азайта отырып, логикалық бөлімдердің фрагменттерін динамикалық қайта бөлу, олардың санын және репликаларын өзгерту мүмкіндігін қамтамасыз етуі тиіс. • Жүйе әкімшіге агенттердің конфигурациясын, жаңартуларын және мониторингін бір консольден басқаруға мүмкіндік беретін барлық агенттерді орталықтандырылған басқаруды қамтамасыз етуі тиіс. • Жүйе құрылғыларға физикалық қол жеткізуді қажет етпей, агенттерді қашықтан басқару, оның ішінде оларды жаңарту және құрылғылардан жою мүмкіндігін қолдауы тиіс. • Жүйе агенттер топтарына арналған саясаттарды құру және басқару мүмкіндігін қолдауы тиіс, олар қандай деректерді жинау және оларды қалай өңдеу керектігін айқындайды. • Жүйе агенттердің әртүрлі топтары үшін жиналатын логтар мен метрикалардың түрлерін, сондай-ақ деректерді өңдеу параметрлерін қоса алғанда, әртүрлі параметрлерді баптауға мүмкіндік беретін икемді саясаттарды қамтамасыз етуі тиіс. • Жүйе саясаттарға енгізілген өзгерістерді тағайындалған агенттердің барлық топтарына жедел таратуды қолдауы тиіс. • Жүйе агенттер арқылы берілетін деректерді шифрлауды қамтамасыз етіп, оларды рұқсатсыз қол жеткізуден қорғауы тиіс. • Жүйе агенттердің жұмысқа қабілеттілігін, өнімділігін және дұрыс жұмыс істеуін бақылауға мүмкіндік беретін барлық агенттердің жай-күйіне нақты уақыт режимінде мониторинг жүргізуді қамтамасыз етуі тиіс. • Жүйе агенттердің жұмысын тоқтатпай және деректерді жоғалтпай жоспарлы жаңартуды қолдауы тиіс. • Жүйе логтардағы ауытқулар мен күмәнді әрекеттерді анықтау арқылы деректерді талдау процесін автоматтандыруға мүмкіндік беретін машиналық оқыту мүмкіндіктерін қарастыруы тиіс. • Жүйе уақыттық қатарларға негізделген деректердегі ауытқуларды автоматты түрде анықтайтын машиналық оқыту модельдерін қамтамасыз етуі тиіс. • Жүйе пайдаланушының машиналық оқыту алгоритмдерін интеграциялауға мүмкіндік беруі тиіс. • Жүйе өнімділікке әсер етпей есептер мен талдамалық материалдарды жылдам қалыптастыру үшін жеделдетілген деректер модельдерін құруға және арнайы интерфейсті пайдалануға мүмкіндік беруі тиіс. • Жүйе пайдаланушыларға машиналық оқыту модельдерінің параметрлерін баптау және оңтайлы нәтижелерге қол жеткізу үшін оларды өз деректері негізінде оқыту мүмкіндігін ұсынуы тиіс. 2.12. Осалдықтарды сканерлеуге қойылатын функционалдық талаптар • Өнім беруші Тапсырыс берушімен бірлесіп сканерлеу көлемін (жүйелерді, желілерді, қосымшаларды) айқындайды; • Өнім беруші нысаналы жүйе, оның

	архитектурасы, пайдаланылатын технологиялары мен конфигурациясы туралы ақпарат жинауға міндетті; • Өнім беруші лицензияланған бағдарламалық қамтылымды қолдана отырып, pentest және audit режимдерінде сканерлеу жүргізеді; • Өнім беруші пайдаланылатын бағдарламалық қамтылым нұсқаларындағы белгілі осалдықтарды іздеуге бағытталған аспаптық сканерлеу жүргізуге міндетті; • Өнім беруші анықталған осалдықтардың сындық деңгейі мен ықтимал салдарын айқындау үшін сканерлеу нәтижелеріне бағалау жүргізеді; • Өнім беруші тәуекелдерге талдау жүргізеді; • Өнім беруші тәуекел деңгейін бағалайды: анықталған осалдықтарды пайдалану жүйе немесе ұйым үшін қандай дәрежеде ауыр салдарға әкелуі мүмкін екенін айқындайды; • Өнім беруші осалдықтардың басымдықтарын айқындайды. Қандай осалдықтарды жою ең жоғары басымдыққа ие екенін анықтайды; • Өнім беруші Тапсырыс берушімен алдын ала келісілген, анықталған осалдықтар, олардың сындық деңгейі және оларды жою жөніндегі ұсынымдар туралы толық ақпарат қамтылған есеп дайындайды; • Өнім беруші Тапсырыс берушіге осалдықтарды жою жөніндегі іс-қимыл жоспарын әзірлеуге консультациялық қолдау көрсетеді. 2.13. Бастапқы кодты статикалық талдау құралына қойылатын функционалдық талаптар 2.13.1. Жалпы талаптар Ұсынылатын шешімнің құрамында төмендегі мүмкіндіктер мен функциялар болуы тиіс: • лицензияланған бағдарламалық қамтылымды қолдана отырып, бастапқы код бойынша бағдарламалық қамтылымды (БҚ) ақпараттық қауіпсіздік талаптарына сәйкестігіне талдау; • debug info және бастапқы кодтар болмаған жағдайда byte-код бойынша (статикалық талдау әдісімен) бағдарламалық қамтылымды (БҚ) ақпараттық қауіпсіздік талаптарына сәйкестігіне талдау; • бағдарламалық қамтылымдағы декларацияланбаған мүмкіндіктерді (ДМ) іздеу; • қосымшаларды талдау нәтижелері бойынша пайдалануын ақпаратты қорғау құралдарын (АҚҚ) баптау арқылы болдырмауға болатын осалдықтар мен ДМ үшін АҚҚ баптау жөніндегі ұсынымдарды беру. Осалдықтар мен ДМ-ді іздеу төмендегі статикалық талдау алгоритмдерін, соның ішінде олармен шектелмей, қолдану арқылы жүзеге асырылуы тиіс: • үлгілер бойынша талдау әдісі арқылы іздеу; • басқару ағынын талдау әдісі арқылы іздеу; • taint-талдау әдісі арқылы іздеу; • синонимдерді талдау әдісі арқылы іздеу; • константаларды тарату әдісі арқылы іздеу. 2.13.2. БҚ-ны бастапқы код бойынша талдауға қойылатын талаптар БҚ-ны бастапқы код бойынша талдау төмендегі талаптарға сәйкес болуы тиіс: • шешім төмендегі бағдарламалау тілдеріндегі бастапқы кодқа талдау жүргізуі тиіс: Java, Java for Android, JavaScript, JSP, TypeScript, VBScript, Scala, HTML5, PHP, Python, Groovy, Kotlin, Go, Ruby, C#, C/C++, Objective C, Swift, ABAP, Apex, Solidity, PL/SQL, T/SQL, Visual Basic 6.0, Delphi, COBOL, VBA, 1C, ASP.NET, Perl, Vyper, VB.NET, LotusScript, Pascal, Dart, Rust, YAML, TOML, SQL, Bash, PowerShell, XML; • шешім тілдерді автоматты түрде тану арқылы көптілді жобаларға талдау жүргізе алуы тиіс; • шешім бастапқы кодты ішкі көрініске түрлендіруі тиіс; • шешім құрастыру құралдарымен

	интеграцияны қамтамасыз етуі тиіс; • алынған ішкі көрініске осы техникалық ерекшеліктің жалпы талаптарында сипатталған осалдықтар мен ДМ-ді іздеу әдістері қолданылуы тиіс. 2.13.3. БҚ-ны екілік код бойынша талдауға қойылатын талаптар БҚ-ны byte-код бойынша талдау төмендегі талаптарға сәйкес болуы тиіс: • шешім Java/Scala: JAR/WAR/EAR/AAR; C/C++: DLL/EXE; Android: APK; Apple iOS: IPA; Apple macOS: APP тілдері мен форматтарынан түрлендіру арқылы алынған byte-кодқа талдау жүргізуі тиіс; • шешім byte-кодты ішкі көрініске түрлендіруі тиіс; • алынған ішкі көрініске осы техникалық ерекшеліктің жалпы талаптарында сипатталған осалдықтар мен ДМ-ді іздеу әдістері қолданылуы тиіс. 2.13.4. Есептілікке қойылатын талаптар Шешім қосымшаны талдау нәтижелері бойынша төмендегі талаптарға сәйкес есептілікті ұсынуы тиіс: • барлық есептілік орыс және/немесе ағылшын тілдерінде ұсынылуы тиіс; • анықталған осалдықтар бойынша есеп файлын CSV, HTML, PDF, SARIF форматтарында қалыптастыру; • анықталған осалдықтар бойынша PCI DSS, OWASP Top 10, OWASP Mobile Top 10, HIPAA, CWE/SANS, OWASP MASVS стандарттарына сәйкестік туралы есеп файлын қалыптастыру. 2.13.5. Инфрақұрылымдық сервистермен интеграцияға қойылатын талаптар Ақпараттық жүйеде SVN/Git репозиторийлерімен, Jenkins, TeamCity, Azure DevOps Server, Gitlab CI CI/CD сервистерімен, GitHub, GitLab, BitBucket VCS хостингтерімен, Jira қателерді бақылау құралдарымен интеграциялау мүмкіндігі болуы қажет. Ашық кіріктірілген API көмегімен басқа жүйелермен және сервистермен интеграциялау мүмкіндігі қолжетімді болуы тиіс. 3. Байланыс нысаны Өнім беруші өз өкілдерінің байланыс деректерін (телефон нөмірі және электрондық пошта мекенжайы) ұсынуы тиіс. Орындаушы мен Тапсырыс беруші арасындағы коммуникация олардың өкілдері арасында телефон және/немесе электрондық пошта арқылы жүзеге асырылады. Құжаттардың электрондық нұсқалары Тапсырыс берушінің электрондық поштасына жіберілуі тиіс. Қағаз түріндегі нәтижелер Тапсырыс берушінің кеңсесіне мына мекенжай бойынша жеткізіледі: Астана қаласы, Бейбітшілік көшесі, 49А. 4. Қызмет көрсету мерзімі Қызмет көрсету мерзімі шартқа қол қойылған күннен басталады және 2026 жылғы 31 желтоқсанға дейін жалғасады. Өнім беруші шарт талаптары мен Тапсырыс берушінің талаптарына сәйкес барлық жұмыстарды орындауға міндеттенеді. 5. Қызмет көрсетуге қойылатын талаптар Осы бөлімде қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар көрсетілген: • Өнім беруші шарт талаптарын, сондай-ақ техникалық ерекшелікте немесе басқа да ресми құжаттарда көрсетілген кез келген қосымша талаптарды сақтауы тиіс; • Өнім беруші шартта немесе техникалық тапсырмада көрсетілген міндеттерді орындау мерзімдерін сақтауы және кез келген кідірістер немесе мерзімдердің өзгеруі туралы Тапсырыс берушіге хабарлауы тиіс; • Өнім беруші Тапсырыс берушімен ашық әрі тиімді коммуникацияны қамтамасыз етуге, сұрауларға жауап беруге және Астана уақыты бойынша сағат 08:30-дан 18:30-ға дейін жұмыстардың орындалу барысы туралы қажетті ақпаратты ұсынуға тиіс. 6.

	Құпиялылықты сақтауға қойылатын талаптар • Өнім беруші жұмыстарды Қазақстан Республикасының киберқауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы заңнамасының талаптарына сәйкес орындауы тиіс; • Өнім беруші жұмыстарды орындау кезінде ақпараттық ресурстар мен жүйелерде орналасқан ақпараттың сақталуын, оның құпиялылығын, сондай-ақ Тапсырыс берушіден алынған құжаттардың сақталуы мен құпиялылығын қамтамасыз етуі тиіс; • Өнім беруші киберқауіпсіздік саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптарын қатаң сақтауға міндетті. Бұл дербес деректерді, коммерциялық құпияны қорғау, ақпаратты құқықтық қорғау туралы заңдардың және құпия ақпаратты өңдеу мен сақтауды реттейтін өзге де нормативтік актілердің талаптарын сақтауды қамтиды; • Өнім беруші ақпараттық ресурстар мен жүйелерде орналасқан ақпараттың сақталуын, сондай-ақ осы деректердің құпиялылығын қамтамасыз етуге міндетті. Бұл ақпаратты рұқсатсыз қол жеткізуден, өзгертуден, жоғалтудан немесе жоюдан қорғау шараларын қабылдауды қамтиды; • Өнім беруші Тапсырыс берушіден алынған құжаттар мен ақпараттың сақталуы мен құпиялылығын қамтамасыз етуге міндетті. Бұл құжаттарды рұқсатсыз қол жеткізуден және пайдаланудан қорғау шараларын қабылдауды, сондай-ақ жұмыстарды орындаудың бүкіл кезеңінде, сонымен қатар құпиялылық туралы келісімде және/немесе құпия ақпарат пен коммерциялық құпияны жария етпеу туралы міндеттемеде белгіленген мерзімдер мен шарттарда олардың сақталуын қамтамасыз етуді білдіреді. Аталған келісім мен міндеттеме Орындаушымен және/немесе тартылған мамандармен Тапсырыс берушінің ақпараттық жүйелеріне, техникалық құжаттамасына, бастапқы кодтарына, инфрақұрылымына және өзге де ақпаратына қол жеткізу берілгенге дейін жасалуы тиіс; • Өнім беруші ақпараттың жылыстауын немесе рұқсатсыз таратылуын болдырмау үшін деректерді шифрлау, құпиясөздерді орнату және басқа да техникалық қорғау құралдары сияқты ақпаратты сақтау мен өңдеудің қауіпсіз әдістерін пайдалануы тиіс; • Өнім беруші өз персоналын ақпараттың құпиялылығын қамтамасыз ету қағидалары мен рәсімдеріне оқытуға, сондай-ақ ақпаратты қорғау жүйесінің тиімділігін және оның заңнама мен қауіпсіздік стандарттарының талаптарына сәйкестігін қамтамасыз ету мақсатында жүйелі түрде тексеру мен аудит жүргізуге міндетті; • Қызмет көрсету басталғанға дейін және Тапсырыс берушінің ақпараттық жүйелеріне, бастапқы кодтарына, техникалық құжаттамасына, инфрақұрылымына және өзге де ақпаратына қол жеткізу берілгенге дейін Өнім беруші Тапсырыс берушімен құпиялылық туралы келісімге қол қояды. Өнім беруші сондай-ақ Тапсырыс берушінің ақпаратына қол жеткізілетін барлық өз қызметкерлерінің, консультанттарының, қосалқы мердігерлерінің және өзге де тартылған мамандарының құпия ақпарат пен коммерциялық құпияны жария етпеу туралы міндеттемелерге қол қоюын қамтамасыз етуге міндетті. Көрсетілген тұлғалардың құпиялылық талаптарын сақтауына Өнім беруші жауапты болады. 7. Қызмет көрсету орны Бейбітшілік көшесі, 49А, Абай көшесі, 47.

Әлеуетті өнім берушіге оның жеңімпазы анықталған және онымен Мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасалған жағдайда қойылатын талаптар (қажет болған кезде көрсетіледі) (әлеуетті өнім берушіні көрсетілген мәліметтерді көрсетпегені және ұсынбағаны үшін қабылдамауға жол берілмейді)	Өнім беруші келісімшартт жасалған күннен бастап 3 жұмыс күні ішінде ұсынуға тиіс: • Қазақстан Республикасының Ұлттық аккредитация жүйесінде жарамды Аккредитация аттестаты; • Аккредиттелген зертханалар тізіліміне енгізілгенін растайтын құжаттар; • Ақпараттық жүйелерді сынауды қамтитын аккредитация саласындағы құжаттар; • Зертхана Паспортында көрсетілген мамандарды растайтын құжаттар. Өнім беруші жұмыстарды орындауды/қызмет көрсетуді бастар алдында Тапсырыс берушімен құпия ақпаратты жария етпеу туралы келісімге (NDA) қол қоюға міндетті.

Приложение 16
к конкурсной документации

Техническая спецификация закупаемых услуг (заполняется заказчиком)

Наименование заказчика	Некоммерческое акционерное общество "Национальный медицинский университет имени Төрегелді Шарманова"
Наименование организатора	Некоммерческое акционерное общество "Национальный медицинский университет имени Төрегелді Шарманова"
№ конкурса:	№ 17930563-1
Наименование конкурса:	Услуги по обеспечению кибербезопасности
Номер лота:	№ 88515813-ОК1
Наименование лота:	Услуги по обеспечению информационной безопасности
Наименование кода Единого номенклатурного справочника товаров, работ, услуг:	801019.000.000010
Наименование услуги:	Услуги по обеспечению информационной безопасности
Единица измерения:	Одна услуга
Количество (объем):	1
Цена за единицу, без учета налога на добавленную стоимость:	12000000
Общая сумма, выделенная для закупки, без учета налога на добавленную стоимость:	12000000
Срок оказания услуги:	согласно технической спецификации
Размер авансового платежа* *:	0 %
